

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ МКҚК
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ Б.МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ №52
МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ**

**ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН
САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ**

Таңдау курсының бағдарламасы

2-сынып

НҰР-СҰЛТАН, 2022

Б.Майлин атындағы №52 мектеп –гимназиясының бірлестігінің отырысында қаралды, қалалық Сараптау кеңесіне ұсынылды (2022 жылғы 05.01 №3 хаттама)

Пікір берушілер:

Нүптекеева Г.Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Оразахынова Н.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессоры, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы.

Құрастырушы: Кожухметова З. А. Ыбырай Алтынсарин шығармаларын сатылай кешенді талдау. Таңдау курсының бағдарламасы. 2-сынып – Нұр-Сұлтан, 2022. – 6 б.

Бұл бағдарлама негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты және жаңартылған білім беру мазмұнын негізге ала отырып, құрастырылды. 2-сыныпқа арналған, «Ыбырай Алтынсарин шығармаларын сатылай кешенді талдау» атты 2-сыныпқа арналған таңдау курсының бағдарламасы Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қолданып құрастырылған. Таңдау курсы оқушыларға әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнына үйлестіре отырып, көркем шығарманы олардың жас ерекшеліктерін ескеріп, логикалық ойлау, сөздік қорын байыту, сауаттылықтарын жетілдіру мақсаты көзделген.

ТҮСІНІК ХАТ

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беру маңызды рөл атқарады. Өскелең ұрпақты әлеуметтік мәдениетке сәйкес, жан-жақты дамыған, ұлттық бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру қоғам алдындағы ең басты мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты 12 жылдық орта білім беру жүйесіне көшу. Бұл қоғамдағы түрлі бағыттардағы өзгерістерге сәйкес білім берудің қызметіне жаңаша қарау, әлемдік жинақталған тәжірибеге және олардың жетістіктерін талдау мен бағалау, қажетті тұсын тәжірибеге енгізу сонымен қатар ең маңыздысы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын жүзеге асыру. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Жарғысына және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған.

Бұл таңдау пәнінің бағдарламасы 2-сынып оқушыларына аптасына 2 сағаттан 68 сағатқа негізделген. «Көркем әдебиет» таңдау пәні Ы.Алтынсариннің шығармаларын «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын басшылыққа алып құрастырылған. Сол арқылы оқушылардың өлең жаттауға, автордың көркем әңгімелерін мәнеріне келтіріп оқуға, оны өз сөздерімен баяндауға дағдыландыру. Бірінші сыныптағы өлеңдерді талдау дағдыларын негізге ала отырып, жас ерекшеліктеріне қарай сатылай кешенді талдаудың келесі сатыларын жалғастырып, күрделендіріп беру.

Бағдарлама Н.А.Оразаханованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы зертханасының аясында жүргізілген тәжірибенің негізінде Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясында жинақталған жұмыстар нәтижесінде жазылған. Талдау арқылы көркем әңгімелердің лирикалық шығармалардан өзіндік ерекшеліктерін ұғынуға негізделген.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Оқушыларды лирикалық шығармаларды жаттаумен қатар көркем әңгімелерді мәнерлеп, әуезді оқуға, ондағы оқиға желісін көз алдарына елестете отырып, сатылай кешенді талдауға жаттықтыру.

Міндеттері:

- өлең мазмұнын түсініп жаттауға машықтандыру;
- өлеңнің тақырыбын, идеясын, жанр түрін, буын, бунақ, ұйқас түрлерін ажырата отырып, ауызша және жазбаша сауатты талдау жасауға баулу;
- көркем әңгімелерді түсініп оқып, сатылай кешенді талдауға жаттықтыру;
- «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы оқушылар жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыс жасауға мүмкіндік туғызу;
- өзін-өзі, бірін-бірі бақылау, бағалау, пікір айту, баяндау, проблемалық, ізденушілік, шығармашылыққа бейімдеу;

- түрлі логикалық тапсырмалар орындату арқылы шығармашылық жұмысқа баулу.

Оқушы игеретін құзыреттіліктер:

Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі:

- өз әрекетіне мақсат қоя білуге, оны жүзеге асыруға, қажетті жағдайда анықтауға;
- өзі тұжырым жасауға, қойылған міндетті орындауға, технологияны таңдауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық құзыреттілік:

- ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, өңдеуге, сақтауға;
- интерпретациялауға, қазіргі ақпараттық коммуникативтік технологияның көмегімен жеткізуді жүзеге асыруға көмектеседі.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- байланыстырып сөйлеуге машықтанады;
- ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауда стиль мен жанрды таңдай білуге бағыттайды;
- үш тілде сауатты, әуезді сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

Күтілетін нәтиже:

- өлең мазмұнын түсініп жаттауға машықтанады;
- өлеңнің тақырыбын, идеясын, жанр түрін, буын, бунақ, ұйқас түрлерін ажырата отырып, ауызша және жазбаша сауатты талдау жасауға баулу;
- көркем әңгімелерді түсініп оқып, сатылай кешенді талдауға жаттығады;
- «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы оқушылардың жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыс жасауына мүмкіндік туады;
- өзін-өзі, бірін-бірі бақылау, бағалау, пікір айту, баяндау, проблемалық, ізденушілік, шығармашылыққа бейімделеді;
- түрлі логикалық тапсырмалар орындау арқылы шығармашылық жұмыс жасауға үйренеді.

Тақырыптық -күнтізбелік жоспар
2-сынып
Аптасына 2 сағат. Барлығы 68 сағат

<i>№</i>	<i>Өтілетін тақырыптар</i>	<i>Сағат саны</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Оның ішінде</i>	
				<i>Теориялық білім беру</i>	<i>Тәжірибелік білім беру</i>
1-2	Кіріспе. Автор туралы мағлұмат.	2		1	1
3-4	« Ананың сүюі » өлеңін сатылай кешенді талдау(1 саты)	2		1	1
5-6	« Кел, балалар оқылық! » өлеңін сатылай кешенді талдау(2 саты)	2		1	1
7	Жат жазу (2 саты)	1			1
8	Тест	1			1
9-10	« Өнер білім бар жұрттар » өлеңін сатылай кешенді талдау(3 саты)	2		1	1
11-12	« Өзен » өлеңін сатылай кешенді талдау(4 саты)	2		1	1
13-14	« Әй, достарым! » өлеңін сатылай кешенді талдау(4 саты)	2		1	1
15-16	Жат жазу (4 саты)	2			2
17	Тест	1			1
18-19	« Өсиет өлеңдер » өлеңді сатылай кешенді талдау(5 саты)	2		1	1
20-21	« Балқожа бидің баласына жазған хаты » өлеңді сатылай кешенді талдау (6 саты)	2		1	1
22-23	« Қарға мен түлкі » (мысал) мысалды сатылай кешенді талдау (7 саты)	2		1	1
24-25	« Әй, жігіттер! » өлеңін сатылай кешенді талдау (7 саты)	2		1	1
26-27	Жат жазу (7 саты)	2			1

28	Тест	1			1
29-30-31	«Әке мен бала» (әңгіме) әңгімені сатылай кешенді талдау(2 саты)	3		2	1
32-33-34	«Таза бұлақ» әңгімені сатылай кешенді талдау(3 саты)	3		2	1
35-36-37	«Жаман жолдас» әңгімені сатылай кешенді талдау(3 саты)	3		2	1
38-39-40	«Баланың айласы» әңгімені сатылай кешенді талдау(4 саты)	3		2	1
41-42-43	«Дүние қалай етсең табылады» шығарманы сатылай кешенді талдау(4 саты)	3		1	2
44-45-46	«Білгеннің пайдасы» әңгімені сатылай кешенді талдау	3		1	2
47-48-49	«Жамандыққа жақсылық» Өлеңді сатылай кешенді талдау	3		1	2
50-51-52	«Бақша ағаштары» әңгімені сатылай кешенді талдау	3		1	2
53-54-55	«Асыл шөп» әңгімені сатылай кешенді талдау	3		1	2
56-57-58	«Әдеп» әңгімесін сатылай кешенді талдау	3		1	2
59-60-61	«Өрмекші,Құмырсқа, Карлығаш» әңгімесін сатылай кешенді талдау	3		1	2
62-63	«Жомарт» әңгімесін сатылай кешенді талдау	2		1	1
64-65	«Тәкаппаршылық» әңгімесін сатылай кешенді талдау	2		1	1
66-67	Жат жазу	2			2
68	Тест	1			1

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймауытов Ж. 4-том. – «Ғылым» баспасы, – Алматы, 1998. – 446 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. –Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
3. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (фонетика, лексика). Оқу құралы. –Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 75 б.
4. Оразахынова Н.А. т.б. Фонетикалық материалдарды сатылай комплексті талдау (Оқу құралы). –Алматы: РБК, 2001. –72 б.
5. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (синтаксис). Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2002. –110 б.
6. Оразахынова Н.А. т.б. Сатылай комплексті талдау (фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: Телеарна, 2006. – 302 б.
7. Оразахынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. –Алматы: «Дайыр» баспасы, 2007. – 289 б.
8. Орда Г., Әлибекұлы А., 1-бөлім Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері. Алматы баспасы 2011– 43 б.
9. Орда Г., Әлибекұлы А., 2-бөлім Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері. Алматы баспасы 2011–5 б.
10. Ыбырай Алтынсарин өлеңдері <https://bilim-all.kz/tag/olen?tag=%D0%AB%D0%B1%D1%8B%D1%80%D0%B0%D0%B9%20%D0%90%D0%BB%D1%82%D1%8B%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%BD%20%D3%A9%D0%BB%D0%B5%D2%A3%D0%B4%D0%B5%D1%80%D1%96>
11. Ыбырай Алтынсарин әңгімелері. <https://wikisource.org/wiki/Category:%D0%AB%D0%B1%D1%8B%D1%80%D0%B0%D0%B9%D0%90%D0%BB%D1%82%D1%8B%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%80%D0%B8%D0%BD%D0%BD%D1%96%D2%A3%D3%99%D2%A3%D0%B3%D1%96%D0%BC%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D1%80%D1%96>
12. Ыбырай Алтынсарин сандық кітапхана <http://library.kz/kz/elektrondy-kitaphana/gylymi-kitaphana-zhanalyktary/ybyraj-altynsarin-sandy-kitapkhana.html>
13. Ыбырай Алтынсарин ғибраттық әңгімелері. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20824>